

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі  
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

# Биологиялық ресурстар


Мамандық: 5В070100 «Биотехнология»

Автор: Ауельбекова А.К. , б.ғ.к.,  
ботаника кафедрасының доценті


Сабак түрі: дәріс

Қарағанды 2015

# Тақырып 2. Топырақ-өсімдік қорлары



▣ **Дәріс жоспары:**

- ▣ 1. Қазақстандағы өсімдік қорлары.
  - ▣ 2. Дәрілік өсімдіктер қорлары.
  - ▣ 3. Мал азықтық өсімдіктер қорлары.
- 

# 1. Қазақстандағы шөл, шөлейт аймақтары

- Қазақстанның солтүстік аймақтары оңтүстікке қарағанда салқын, ылғалды келеді: сол үшін көбінесе орманды аймаққа ұласып кетеді. Солтүстіктен оңтүстікке қарай орман, орман шөлейт және шөл аймақтарына ауыса бастайды.

**Бұл аймақтарда тиісті өсімдіктің бірі – сәлбен.**

**Шөлейт өсімдігінің тағы бір түрі әдемі гүлдейтін – тобылғы.**

**Шөл аймағында және әралуан гүлдейтін өсімдік түрі – қызыл көкгүл.**

**Шөлейт аймақтарына тиісті өсімдіктердің бірі – козолец.**

**Шөл аймақтарына кіретін  
өсімдіктер түрі- жоңышқа. Оның  
бірнеше түрі бар.**



**Олардың ішінде шөл және шөлейт  
аймақтарында өсетін - эспарцет**



## 2. Шөлейт аймағы, климат

және өсімдіктердің дүниесі. Шөлейт аймақтарына келсек бұл аймақтар шөлейт аймақтарына қарағанда шөлді болып келеді. Жабындысы селеу болып есептеледі.





# Тағы бір шөл өсімдігі өкілі *шалфей.*

- ▣ Жапырақтары мен гүл сабағы тамыр түбірінен өсіп шыққан. Гүлдері көк түсті гүлдейді. Шөл аймағында бұл өсімдік гүлінің түсі қалыңдығымен ажыратылып тұрады. Шөл аймағына тиісті өсімдіктің бірі-тіккенек. Оның гүлі қызғыш болады, тікенді. Сабағы жиі бұтақтанған. Жалпы көрінісі шар тәрізді формаға ие.

### 3. Шөл аймақтары, климаттық

- Шөл аймақтары өсімдік түрлеріне кедей жағдайы және өсімдіктері болып келеді, орташа есеппен 1 метр шаршы жерге 9-10 дана шөл түрі тура келеді. Шөл аймақтары негізгі жайылымдар болғандықтан өсімдік түрлерінің азайып кетуіне алып келеді. Шөл аймағының көп аймақтарын бидай иеленіп жатады. Аз мөлшерде бау-бақша т.б өсімдіктер иеленеді.

# Шөл аймағына тән өсімдік - сексеуіл



# Құмды шөл өсімдіктері.

- Қазақстанның құмды шөлдерінің өсімдіктері біршама көп және әр түрлі болып келеді. Араларында қуыстары көп борпылдақ құмды топырақтан су төмен қарай тез өтіп, тереңде тығыз тау жыныстарының үстінде жиналады; бұдан су өте алмайды.

**Жүзгеннің гүлі ақ немесе қызыл түсті, ұсақ хош иісті келеді. Жүзгеннің жемісі кішкентай кірпі тәрізді: жан-жағында жал-жал болып біткен құрғақ өркендері бар, олар ұшы тойтарылған ине тәрізді келеді.**



**Құм қараған немесе қоян сүйек өте әдемі өседі. Бұл бұта тәрізді де кішігірім ағаш тәрізді де болып келеді.**



**Қияқ. Мұның сабақтары қатты;  
білеуленіп біткен шырынды  
тамырсабақтарынан шашақтанған жіңішке  
тамырлар жан-жаққа таралып, кең аймақ  
алып жатады да, жылжымалы құмдарды  
жақсы тоқтатады.**



**Құрғақшылық түсе бастаған кезде қияқтың жапырақтары ұшынан төмен қарай көбейе бастайды: алдымен қызарады, содан кейін сарғаяды, сөйтіп ең ақырында күреңдетеді. Бұл кезе хлорофил мен қоректік заттар жапырақтардың түп жағына келіп, одан ары тамыр мойнына жылжыйды.**



**Далалы жердің ойпаттарында өсетін еркекшөптің масақтары-жалпақ, үш бұрышқа ұқсас келсе, ал оның құмда өсетіндерінің масқтары-жіңішке және ұзын болады. Мұның биік және көп сабақты келетін түптері қопа болып та өседі. Еркекшөп жазық жердегі құмдарда да өседі, жазық құмда өскен еркекшөпті пішенге арнап шабады**

**Оңтүстік құмды шөлдерде қияқтың  
орнына бетегеге ұқсас селеубояу  
деген астық тұқымдас өседі.**



**Селеубояу жан-жағына мықты,  
жуан және қамшының өрімі  
тәрізді тамырлар шығарады.  
Селеубояудың жер бетінен  
биіктігі жарты метрдей-ақ  
болғанымен тамыры  
айналасындағы метр жерге  
дейінгі сусымалы құмды бекітеді.**

**Қаскелең өзенінің сол жағалауларында , Қаскелең маңы Мойынқұмы дейтін құмды шөл бар. Бұл арада бір жылдық жабайы қара бидай өседі.**



**Мұның сабаны жіңішке,  
масақтары сынғыш, дәндері  
мәдени қара бидайдікі тәрізіді,  
бірақ майда болады. Көктемі  
жылы және жауын-шашын  
болғанжылдары, бұл шөлдің  
кейбір жерлерінде жабайы қара  
бидай адам қолдан еккендей  
қалың өседі**

**Көктемде мүктер көгереді, өседі және көбейеді.**



**Құмаршықтың шумақтанып жатқан тамрлары өзінің өсіп тұрған айналасындағы бірнеше метр жердің құмын бекітеді.**



**Құмаршықтың тұқымы ұсақ болғанымен, оның ақуызы және майы көп келеді, сондықтан да кейде оны жинап алып жергілікті ел жарма жасайды.**

**Бұл өсімдік қос жарнақтылар класы, Алаботалар тұқымдасы, құмаршық туысына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 20 - 100 см. Сабағы түп жағынан бастап тармақталып өседі. Жапырағы қандауыр пішінді әрі тікенекті болады. Тамыз - қазан айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі 3, 5 - 5, 5 мм дей түксіз үлпілдек қанатты дәнек. Тұқымы жұмыртқа тәрізді алқызыл түсті келеді.**

**Құмаршық – мал азығы. Сүрлемге салынады. Оның тұқымынан ұн жасап, нан пісіреді жай ботқа да жасайды. Тұқымынан май алынады, ол күнбағыс майынан бірде - бір кем емес. Құм көшкінін тоқтату үшін де есіп өсіреді.**



**Борпылдақ құмды топырақта  
көбінесе ебе қаңбақ өседі. Ол  
қалампыр тұқымдастарға жатады.**



**Ол қалампыр тұқымдастарға жатады. Гүлдері өте ұсақ және түсі сәл қызғылттау, барлығы бірігіп сиректеу біткен шашақ бас гүлшоғырына айналады, сондықтан да ол анадайдан көзге түседі. Ебе қаңбақтың жап-жасыл топырақтары сары түсті құмның үстіне төселе жатады; тамырлары жуан келеді, онда дәрілік және желімтік заттары болады.**

**Тығыз құмдарда атам заманнан бері  
қылша дейтін бұта өседі.**



**Қылшаның жер бетінде өсе бастағанына бірнеше ондаған миллион жылдар өтті. Кейбір ғалымдар қылшаға ұқсас ертедегі өсімдіктер, осы кездегі гүлді ағаштардың, бұталардың және шөптердің ата-тегі деп есептейді. Қылшада дәрілік заттар болады, сондықтан дәрі алу үшін оны әдейі дайындайды.**

**Құмда өсетін шырыш өсімдігінен де көп желім алуға болады.**



# Әдебиеттер:

- 1. Бартов В.Ф. Экономические аспекты экологические аспекты.
- 2. Экологические кризисы. М.1970г.
- 3. Веклиг О.А. Эколога – экономические противоречия. Киев – 1991
- 4. Охрана ландшафтов М.1982г.
- 5. Природные ресурсы и охрана окружающей среды в респуб. Казахстан. А-А. 1994г.
- 6. Қажымұратов М «Қазақстанда кездесетін пайдалы өсімдіктер» «Қайнар» баспасы Алматы 1975ж
- 7. Ж.Лұқпанов, Р.Әлімқұлова, М.Тәртеннова «Өсімдік өмір өзегі» Алматы «Қайнар» 1991ж
- 8. Б.Муханов, Т.Мұсақұлов «Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары»
- 9. А.А.Иващенко «Қазақстанның өсімдіктер әлемі суретті энциклопедия» Алматы кітап 2004
-

# Сұрақтар:

- 1. Қазақстандағы өсімдік қорлары қандай?
- 2. Дәрілік өсімдіктер қорлары неге байланысты?
- 3. Мал азықтық өсімдіктер қорларын қалай сақтауға болады?

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

